

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Глубокое ауданы бойынша білім
бөлімінің «Асыл бөпе» бөбекжайы» КМҚК бойынша

КГКП «Ясли-сад» Асыл бөпе» отдела образования по Глубоковскому району
управления образования Восточно-Казахстанской области

**2023-2024 Оқу жылының жазғы сауықтыру жұмысына
арналған перспективалық жоспары**

Тәрбиешілер: Ахмеджанова Д.М

Қайрбек А

2023-2024 оқу жылы

Мақсаты: сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтары мен шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін барынша тиімді жағдайлар жасау.

Міндеті:

1. Балалардың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін жағдай жасау, қозғалыстарын күшейту және табиғатпен мақсатты қарым-қатынас жасау арқылы олардың физикалық және психикалық дамуына ықпал ету.
2. Мектеп жасына дейінгі ерте жастағы балалардың денсаулығы мен дене тәрбиесін жақсартуға, дербестігін, білуге құмарлығын және дене белсенділігін дамытуға бағытталған шаралар жүйесін іске асыру. Балалардың сөйлеуін жақсарту және олардың эмоционалдық аясын дамыту.
3. Жазғы уақытта балалардың денсаулығын тәрбиелеу және нығайту мәселелері бойынша ата-аналарға педагогикалық және сауықтыру ағарту жұмыстарын жүргізу.

БЕКІТІЛДІ
«ШҚО білім басқармасы
Глубокое ауданы бойынша
білім бөлімінің «Асыл бөпе»
бөбекжайы» КМҚК
директоры
_____ Ж.Е. Каримбекова
«___» _____ 2024 жыл

Тәрбиешілерге арналған жазғы сауықтыру жұмысының перспективалық
жоспарының үлгісі

Өткізілетін шаралардың атауы	Жұмыс мазмұны	Өткізу мерзімі
1 апта «Бақытты балалық шақ» (3.06-7.06)		
«Әрқашан күн сөнбесін»	-балалар шығармашылығынан концерт -асфальтта сурет салу байқауы	3.06
«Менің әлемім»	- «Менің жақындарым», «Менің үйдегі сырласым», «Менің бауырларым», «Менің отбасым» тақырыптабынла балалармен серуенде әңгімелесу; - тақырыпқа сәйкес әңгіме оқып беру, ән тыңдату және қалауы бойынша балаға айтқызу.	4.06
Кәусәр бұлақ	Балалардың көрген мультфильмдерінен алған әсерлерімен бөлісу, олардың қиялын, логикалық ойлауын, сөйлеу тілін дамыту мақсатында жетекші сұрақтар қою. Балалардың қалауы бойынша мультфильм кейіпкерлерінің образын тандап, қимылқозғалыс ойындарын өткізу, патомимика арқылы кейіпкерді табу ойынын ойнау.	5.06
«Мен елімнің Ұланымын!»	Отан туралы өлеңдерді жатқа айту челленджі. Балалар шығармашылығынан суреттер кәрмесін ұйымдастыру. Таза ауада ұлттық ойындар сайысын өткізу.	6.06
«Менің көңілді, шырылдаған допым»	Н.Радченконың «Менің көңілді добым» өлеңін оқу Қимылды ойын «Төбеден төмен түсті»	7.06
2-апта «Жас із кесушілер» (10.06-14.06)		
«Жас із кесушілер»	Дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салу. Қимылды ойындар «Өз түсіңді табу», «Жасырынбақ», «Жалаушаны табу». «Із	10.06

	кесушілер деген кімдер?» жетекші сұрақтар қою арқылы балалармен әңгімелесу. Ертегіні немесе кәркем шығарманы оқып беру (үзінді). «Із кесуші» мультфильмін көрсету.	
«Аңдар мен аңшылар»	Альбомдар көру: «Аңдар», «Құстар», «Гүлдер»...	11.06
«Мейірімді достарым»	Аңдар мен үй жануарлары туралы кітап көрмесін ұйымдастыру. Мысықтың өзіне күтім жасауын бақылау (жуыну). «Ерте, ерте, ертеде» тақырыпқа сәйкес аудио ертегілер тыңдату, тыңдалған ертегінің мазмұнын айтқызу. Сергіту сәтінде аңдар мен үй жануарларының қимыл-қозғалысын қайталауға құрылған жаттығулар жасау (ресурстарға сілтеме: https://bilimkids.kz/kk/videos/10 ; https://bilimkids.kz/kk/videos/26).	12.06
«Саялы бақ»	«Біздің өлкенің ағаштары», «Балабақша ауласында қандай ағаштар өседі?», «Ағаштарды өрттен қорға!» тақырыптарында балалармен әңгімелесу. Сурет, альбом, иллюстрацияларды қарау. Орманға, саябаққа немесе балабақшаның табиғат бұрышына саяхат. Шығармашылық жұмысқа пайдаланылатын табиғи материалдарды жинау. Ағаштарды бақылау, оларға күтім жасау. Ағаштар туралы әңгімелер, өлеңдер оқып беру, жұмбақтар шешу. Дидактикалық ойын: «Қай ағаштың жапырағы?», «Тыңда да таны», «Қай ағаштың жемісі?» Ағаштардың суретін салу.	13.06
«Сыр сандық»	Таныс ертегі қойылымдарын сахналау.	14.06
3-апта «Жаз да келді, көңілді (17.06-21.06)»		
«Сабын көпіршіктері күні»	Балалабақшада және үйде жеке бас тазалығын сақтау туралы әңгімелесу. Медициналық кабинетке саяхат. «Тамшылар». Дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салу. «Жедел жәрдем» театрландырылған ойыны.	17.06
«Теңіздегі тіршілік»	Су ханшайымымен саяхат. «Су патшалығы» суреттер байқауы (ата-аналармен бірге). «Өзен, көлдер» альбомын безендіру. Сумен ойындар.	18.06
«Сүйкімді кірпі»	«Менің ағзамның қорғаушысы», «Пайдалы және зиянды» әңгімелесу. Көркем шығарма	19.06

	оқып беру. «Зиянды тағамдар» плакатын әзірлеу (ұжымдық жұмыс).	
«Табиғат аясында»	Жыл мезілдері (қосымша ресурс: https://bilimkids.kz/kk/videos/20). Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарды пысықтау. Жапсыру «Күлімдейді күн маған».	20.06
««Күн, ауа, су» ойын сауығы»	«Сылдырайды мөлдір су» денсаулыққа ауа мен судың пайдасы, судағы қауіпті жағдайлар туралы тақырыптық әңгімелесу. «Жуыну әні» https://bilimkids.kz/kk/videos/11	21.06
4-апта «Қауіпсіз жаз» (24.06-28.06)		
«Бағдаршам күні»	Көше қозғалысы ережелерін қайталау. «Дымбілместің қала көшелеріндегі оқиғалары» сюжеттерді көрсетіп, бірге талдау. Жапсыру «Бағдаршам». Балалардың ережелерді есте сақтауы үшін балабақша ауласында «көше қозғалысы» ойынын ұйымдастыру (ойыншық машиналар, қуыршақтар, құрастырғыш, жол белгілерін пайдалану).	24.06
«Пайдалы және зиянды өсімдіктер»	«Улы өсімдіктер мен саңырауқұлақтар», «Дәрілік өсімдіктер», «Табиғаттағы қауіпсіздік» суреттерді қарап, әңгімелесу, мультфильмдер көрсету (ресурстардың үлгісіне сілтеме: https://www.youtubekids.com/) Жапсыру «Жеміс-жидектер патшалығы». «Саңырауқұлақтар әлемі», мүсіндеу.	25.06
«Марғаудың үйшігі»	«Өжет өрт сөндірушілер», «Құтқарушылар», сюжетті-рәлдік ойындары. Өрт кезіндегі тәртіп ережелері, «01 қызметі», өрт сөндірушілер қызметі туралы балалармен әңгімелесу.	26.06
«Қауіпті заттар мен құралдар»	Ойындар: «Өртке қауіпті заттар», «Өрт сөндірушіге не қажет?» «Өртке қауіпті заттар» коллажы	27.06
«Шебер қолдар»	Теартландырылған қойылым атрибуттарының байқауы. Балалармен бірге қойылымдар қою (саусақ театры, көлеңкелі театр, қуыршақ театры)	28.06